



# Ақмешіт

14 желтоқсан  
сейсенбі  
№99 (1801)  
2021 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы



### ТОМ-ТОМҒА АРҚАУ БОЛҒАН ҚАЛАМ ІЗІ

Кешегі сенбі тәуелсіз ел күнтізбесінде тарихи сәтпен толықты десек артық айтқандық емес. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен «Сыр журналистикасының тарихы» 5 томдық кітабы жергілікті «ASU» баспа үйі ЖШС «Тұмар» баспасында басылып, жарыққа шықты. Кітаптың тұсаукесері облыс орталығындағы «Достық» үйінде өтті.



Ел тәуелсіздігінің мерейлі жылы қарсаңындағы Сырдағы жақсы жаналыққа елең етпей қалмағандар кемде-кем. Жақсы істің күзесі болуға еліміздің түкпір-түкпірінен бір топ зиялы қауым өкілдері келді. Олардың қатарында ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұрторе Жүсіп, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының профессоры, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы Амантай Шәріп, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті Бибігүл Жексенбай, «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Әсел Есілбаева және «Егемен Қазақстан» газетінің Түркістан облысындағы меншікті тілшісі, Қазақстан журналистер одағы Түркістан филиалының төрағасы Ғалым Елшібай, «Turkistan media Holding» ЖШС басқарушы директоры Тельман Бейсен бар.

Игі шара ең алдымен зиялы қауым өкілдерін облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың қабылдауынан басталды.

4 БЕТТЕ

Биыл Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толып отыр. Осыған орай қала әкімі Ганибек Қазантаев желтоқсан оқиғасына қатысушыларды қабылдап, ізгі лебізін жеткізді.

### ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТКІШ ОРНАТЫЛМАҚ

Кездесуде қала басшысы тәуелсіздіктің онай жолмен келмегенін еліміздің егемендігі жолында басын бәйгеге тіккен Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың ерлігі уақыт өткен сайын жадымызда жаңғырып, кейінгі ұрпаққа үлгі болатындығын ерекше атап өтті.

— Сіздер әр салада табысты еңбек етіп, еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруда бар күш-жігерлеріңізді арнап келесіздер. Өздеріңізбен бірге тәуелсіздігімізді нығайтып, ел үшін бірге қызмет ете береміз. Сіздердің құрметтеріңізге жыл аяғына дейін желтоқсан оқиғасына қатысушыларға арналған ескерткіш ашуды жоспарлап отырмыз. «Тағзым алаңы» аумағында орналасатын ескерткіш – жас ұрпаққа аға буын өкілдерінің ерлігін насихаттайтын рухани орын болмақ, – деді қала әкімі.

Шара соңында Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға қала әкімінің құттықтаулары мен сый-сияпаттары табыс етті.

М.ЖӨКЕБАЙ

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай бүгін Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында үш тілде жарыққа шыққан «Сыр – Алаштың анасы» атты тарихи құнды кітаптың тұсауы кесілді.



## ТАРИХТАН ТАМЫР ТАРТҚАН ТУЫНДЫ

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары, редакциялық алқа төрағасы Серік Ахмет, облыстық мәслихаттың хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Байқадамов, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қорқыттану» ғылыми орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы, «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Уәлихан Ибраев және ардагерлер мен ұстаздар, қоғам белсенділері қатысты.

Кітапта аймақтың ерте дәуірден бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихы, экономикасы, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени өміріндегі қол жеткізген табыстары мен жетістіктері үш тілде әзірленген. Кіріспесі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және осы кітаптың идея авторы, облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың құттықтауымен басталады.

2 БЕТТЕ

## «ӨЗ ҮЙІМ – ӨЛЕҢ ТӨСЕГІМ»: 680 отбасы баспаналы болды

Бүгінде Сыр өңірі жыл санап даму үстінде. Тәуелсіздік алғалы қала ішінде түрлі нысандар бой көтеріп, инфрақұрылымдар халық игілігіне айналды. Жақында осы жұмыстардың жалғасы ретінде облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова мен қала әкімі Ганибек Қазантаев Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мерейтойы қарсаңында Қызылорда қаласының сол жағалауындағы 680 пәтерлік 14 тұрғын үйдің кілтін табыстады.

Жаңа пәтер иелері – кезекте тұрған әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасылар. Аймақ басшысы тұрғындарды қоныс тойымен құттықтап, 30 жыл ішінде Сыр өңіріндегі тұрғын үй салу қарқыны жоғары екенін тілге тиек етті.

– Баршаңызды алдымен еліміздің ең басты ұлық мерекесі – қасиетті Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Бүгінгі қол жеткізген жетістіктеріміздің барлығы –

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көрегендігі мен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың сындарлы саясатының салтанатты жемісі. Құрылысы қарқынды Қызылордамызда бүгін тағы бір жаңа тұрғын үйді пайдалануға беріп, пәтер иелерінің қуанышын бөлісіп отырмыз. Үйлеріңіз сәбидің күміс күлкісіне бөленіп, шаңырақтарыңыздың түтіні түзу шықсын, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы мердігер мекемелердің тұрғын үйлерді уақытылы және сапалы салып, тұрғындарға табыстағанын атап, ризашылығын білдірді. Тұрғын үй алулары ойын алаңдары, автотұрақ, орындықтар және кір жаю алаңдарымен қамтылған. Мердігер мекеме аулаішілік жолдардың көлік қозғалысына қолайлы болуын да қамтамасыз еткен. Сондай-ақ №94 кварталды жалғайтын магистральды 500 метрлік жылу желілері тартылған. Бұл жылу желісі берілген 14 көпқабатты тұрғын үйді қоса алғанда алда салу жоспарланған үйлерге де есептелінген. Көпбалалы отбасыларға және мемлекеттің қолдауын қажет ететін қоғамның осал топтарына арналған бұл тұрғын үйлер бейнебақылау камераларымен қамтылып, тиісті құрылымдық көрсеткіштері заманауи талапқа сай әзірленген. Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін үй ішіне газды анықтайтын дабыл құрылғысы орнатылған.

Салтанатты шарада көпбалалы ана Нұрғұл Ермаханова қоныстанушылар атынан алғыс айтты.

– Бүгін біз үшін өте ерекше күн. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында үйлі болып жатырмын. Бұл теңдессіз тарту болды. Әрбір қазақ осы күнге жетсін. Халықтың әл-ауқатын, жағдайын олайтын тұлғаларға айтар алғысымыз шексіз, – деді ол.

Айта кетейік, облыста 30 жыл ішінде 8 млн шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілген. Биыл 2 408 пәтерлік 110 тұрғын үй құрылысы жүруде, оның ішінде Байқоңыр қаласында 250 пәтерлік 5 тұрғын үй бар. Жыл аяғына дейін 1 608 пәтерлік 94 тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

А.БАЙ



### Әділхан БӘЙМЕН:



«– Бірінші бетте суретпен жарияланатын сұхбат кейіпкерін таңдауға мән береміз. Біріншіден, сұхбатқа шақыратын адамның өзіндік ерекшелігі, айтатыны бар адам болуы керек. Сонда ғана оқылатын сұхбат шығады. Әрине, біз оны бірінші бетке беріп жүрміз. Газеттің сұхбат жаңры ойды дәл, анық жеткізе білуге қолайлы деп түсінеміз. Сұрақ батыл тіке қойылса, оған жауап беруші кәсіби тұрғыда нақты жауап берсе, бұл жанрдың айдарынан жел есе береді».

(«Сыр журналистикасының тарихы» кітабынан).

### «ҚАЛАМ ҚУАТЫ» немесе Әділхан Бәймен атындағы байқау қалай өтті?

Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты басылымдар журналистер мен оқырмандар арасында түрлі байқаулар ұйымдастырды.

Әрине, БАҚ-тарда байқау ұйымдастыру бірінші рет емес. Дегенмен мерейлі жыл аясында өткен байқау саны да, мазмұны да жоғары дәрежеде болды. Атап айтсақ, облыстық «Сыр бойы» газеті облыстық басылымда ғана емес, Сыр өңірінің прозасы мен поэзия әлемінде қолтаңбасы қалған қаламгер Айжарық Сәдібеқұлы мен ақын Әскербек Рахымбекұлы атындағы байқау, облыстық «Ақмешіт жастары» газеті Темірбек Жүргенов атындағы «Ғылым жолында» атты жас ғалымдар арасында байқау өткізді. Ал қалалық «Ақмешіт апталығы» газеті осы газеттің негізін қалаған алғашқы редакторы, қазақ журналистикасының қара нары атанған Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» атты эксклюзивті сұхбаттар байқауын өткізді.

3 БЕТТЕ

# ТАРИХТАН ТАМЫР ТАРТҚАН ТУЫНДЫ

«Сыр – Алаштың анасы» кітабы логикалық тұрғыдан тізбектелген бірнеше бөлімдерден, яғни облыс туралы жалпы ақпарат, облыс тарихына арналған, облыстың экономикалық әлеуеті, «Сыр елі – жыр елі», әлеуметтік салаға арналған «Рухани жаңғыру» бөлімдерінен тұрады. Сонымен қатар Қызылорда, Байқоңыр қалалары мен аудандардағы соңы серпіліс, үдемелі экономикалық дамуы мен қоғамдық-мәдени өмірдегі өзекті ақпараттар берілген.

Кітаптың тұсаукесер рәсімін облыс әкімінің орынбасары, редакциялық алқа төрағасы Серік Ахмет ашты.

Баршаньзды Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерейтой аясында оқырманға жол тартқан жаңа кітаптың жарыққа шығуымен құттықтаймын. Редакциялық алқаммен ойласа келе кітапты «Сыр – Алаштың анасы» деп атауымыздың үлкен символдық мәні бар. Халқымыздың сан ғасырлық тарихында Сыр өзенінің бойы ұлы өркениеттердің ошағы болып қана қоймай, барша дала халқына қиналғанда пана, сүрінгенде сүйеніш болғаны тарихтан белгілі. Бұл сөз бүгінде тек облыс халқына ғана емес, барша қазақстандықтарға және алыс-жақын шетелдік қонақтарымызға да таныс деп айтсақ қателеспейміз.

Ал сыртқы мұқабасының түсін де кездейсоқ таңдаған жоқпыз. Сыр топырағының түсімен үйлесім табуының өзі тарихтан тамыр тартқан туынды екенін дәлелдейді. Қорқыт ата ескерткіші бейнелеу арқылы өңіріміздің тарихы өте тереңде екенін және Сыр елінің жыр елі екенін ұғындыруды жөн санадық. Сыр елінің тарихына қаныққасы келген әрбір оқырман бұл еңбектен көп дүниені саралай алады деген ойдамын, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Басы 1-бетте



Келелі басқосуда облыстық мәслихат хатшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Наурызбай Байқадамов іргелі ізденістерге құрылған жаңа кітап оқырманға олжалы сый болғалы тұрғанын қаперге салды. Техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Қылышбай Бисенов бұл кітап тұтас Сыр елінің даму динамикасын айшықтап беретін құнды мұраға айналатынын атап өтті. Сондай-ақ Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Қорқыттану» ғылыми орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы бұл кітаптың тарихи деректерге негізделіп, бұрын-соңды жарық көрмеген ақпараттармен толықтырылып шығуы үлкен ізденістен туған еңбек деп жоғары бағасын берді.

Алқалы отырыста «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, тарих ғылымдарының

кандидаты Уәлихан Ибраев кітаптың киелі жерлер географиясына негізделген тарихи орындар мен аңыз болып жеткен оқиғаларға сүйеніп жазылуының өзіндік мәні жоғары екенін мақтанышымен жеткізді.

Жиында жаңа кітаптың тұсауы кесіліп, қалың көпшілікке жол тартты. Жарыққа шыққан кітаптар өңірдің барлық кітапханаларына таратылатын болады.

Айта кету керек, тарихи жинақ аймақтың тұрмысын, рухани-мәдени даму белестерін саралау, қазына-жауһарларымызды белсенді насихаттауға үндейді. Бұл қоғамды адамның жаңа келбетін қалыптастыруда өңірде жүзеге асып жатқан «Сыр елі» мега жобасының ажырамас бөлігінің бірі болмақ.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі



## МЕРЕКЕ МЕЗІРЕТІ

Асқар Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған «Тәуелсіздік – мәңгілік ел мәртебесі» атты салтанатты шара өтті.

Мерекелік кешке қала әкімінің көре орынбасары Бектас Нұридинов қатысып, жылы лебізін білдірді.

Баршаньзды Ұлы дала елінің ұлық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Шара қорытындысында қала әкімінің орынбасары Бектас Биыл рухы асқақ, тұғыры биік төл мемлекетімізге 30 жыл толды. Қаралайым тілмен айтқанда, нағыз ердің жасында, ұлы мақсаттардың ба-сында тұрмыз. Іргесі берік тәуелсіз Қазақстанның көркеюі жолында ат-қарған еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер. Салтанат көшіндегі Сыр өңірі өсіп-өркендей берсін, – деді өз құттықтауында.

Шара қорытындысында қала әкімінің орынбасары Бектас Биыл рухы асқақ, тұғыры биік төл мемлекетімізге 30 жыл толды. Қаралайым тілмен айтқанда, нағыз ердің жасында, ұлы мақсаттардың ба-сында тұрмыз. Іргесі берік тәуелсіз Қазақстанның көркеюі жолында ат-

## ФУТБОЛДАН ТУРНИР ӨТТІ



«Евразия» спорт кешенінде қалалық спорт мекемелері арасында шағын футболдан турнир өтті. Спорттық шара Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында, сондай-ақ спортты дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Турнирге 8 команда, 80-ге жуық спортшы қатысты. Жеңімпаз командаларға қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Айбек Орманов Қызылорда қаласы әкімінің кубогі және медальдар мен дипломдарын табыстап, командаларды жеңістерімен құттықтады.

Турнир барысында үздік ойынмен көзге түскен қатысушылар бірнеше номинация бойынша марапатталып, бағалы сыйлықтар тарту етілді.

«Ақмешіт-ақпарат»



Еліміз егемендікке қол жеткізгені Тәуелсіздік сөзі санамыздан берік орын алып, халқымыздың жүрегіне өшпестей мекенден алды. Жуырда жарияланған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіздік тағылым» атты мақаласы ешкімді де бейжай қалдырмай, өткен күндер ой салары анық. Елбасы мақаласына зерделей қарасаңыз, ұлттымыздың бірнеше жылғы тарихы айтылып, онда ата-бабамыздың аңсаған арманы – Тәуелсіздікке қалай қол жеткізгеніміз жайлы терең баяндалған. Елбасы тәуелсіздікке рухымыздың күштілігі мен бекем бірліктің арқасында жеткенімізді тілге тиек ете отырып: «Тәуелсіздіктің мән-мағынасы туралы түрлі ғылым өкілдері өзінше тұжырым жасайтыны анық. Бірақ бір нәрсе ақиқат, ол – ата-бабаларымыздың азаттық жолындағы жан алысып, жан берікпен сан ғасырлық күресінің заңды жалғасы, халықаралық құжаттармен бекітіліп, мәңгілікке берілген сый» деп атап өткен. Расында, әлемдегі қаншама ұлттардың асқақ арманына айналып, тәуелсіздікке қол жеткізе алмай жүргендері белгілі. Жер шарында 5 мыңнан астам тілде сөйлейтін халық болса, соның екі жүзі ғана өз алдына Тәуелсіз мемлекет. Осы екі жүзден аса егеменді мемлекеттің ішінде біз де бармыз. Бұл – халық үшін үлкен бақыт.

# ЕГЕМЕНДІК – ТӘТТІ ҰҒЫМ, ДӘМІ БАЛДАЙ

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдар ішінде қаншама қиындықтар мен кедергілер болғаны шындық. Біздер сол кездегі қиындықтарды халықтың бірлігінің арқасында жеңе білдік. Былай қарағанда, осы орда бұзар отыз жылдың қатпарында қаншама күрделі жолдар мен бағындырған қиын белестер жатыр. Айтуға оңай болғанымен, егемендіктің алғашқы жылдарында елдің еңсесін биіктетіп, іргесін шегендеу оңайға соқпағанын жақсы түсінеміз. Осы кезеңде Елбасының күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан қалып, тынымсыз еңбек етуінің арқасында бүгінде мемлекетіміз іргелі елге айналдырды. Осындай тынымсыз еңбек болмаса, елдің ертені мен келешегі жарқын болар ма еді? Алып кәсіпорындар тоқтап, өндірістер тоқырауға ұшырағанда халықтың табыс көзін таба алмай қалай қиналғанын көзіміз көрді. Сол халықтың ішінде біз де бармыз. Кім не істерін білмей дал болып, ауылдағы ағайын кесек құйып, отын алып, шөп орып сатты. Өйтпей, өлместің қамын жасады. Ал қаладағы ағайынның көбі ала

дорба ұстап ел кезіп, базарға барып сауданы үйрене бастады. Небір атпал азаматтар базарда арба сүйреп отбасын асырады. Сөйтіп, халық қиындықты біртіндеп жеңе бастады. Ел өз күнін өзі көре бастауға осылай үйренді. Мұндай қиыншылық заманды халқымыз талайын басынан өткергенін жақсы білеміз. Сонау сұрапыл соғыс кезінде де халқымыз өгізбен жер жыртып, дән салып, масағын теріп, өз тұстастарының қалай еңбектенгенін Елбасы мақалада мұқият етіп, бүгінгі ұрпаққа үлгі еткен. Онда қашан да еңбек ету арқылы небір қиындықтарды жеңуге болатын күдіретін паш еткен. Бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан ауылдағы ағаларымыз соғыс кезінде таңмен таласа тұрып дәнді қалай тергендерін, әлі күнге дейін жыр етіп айтады. Олар осы күнге шүкіршілік етеді. Сол соғыс кезінде шалбарының тізесін жамап киіп оқуға барғандарын күрсіне естеріне алады. Сондай қиыншылықта еңбек ете білудің арқасында тез есейгендері, бір жағынан ата-анаға қолжанат болып, отбастарын асырағандарын


мақтаныш етеді. Сондықтан қазақ «Еңбек – қиындықты жеңбек» деп бекер айтпаса керек. Еңбектің құдіреті жайлы Сыр күршінің пайғамбары, дала академигі Ыбырай Жақаев: «Еңбек етпей, жерге өкпелеме» десе, дана Абай: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деді. Айналып келгенде еңбек ету арқылы адам арманға жететіндігін еске салған. Елбасының мақаласында бұл ұрпаққа өте ұғынықты баяндалған.

Барлық айналдағы көршілес іргелес елдермен татулықты орната білген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев күс ұшса қанаты талатын байтақ даламыздың шекарасын шегендеп алуының өзі үлкен саясаткерлігінің арқасы. Елдің амандығын, халықтың тыныштығын әріден ойлағанның айқын көрінісі. Тәуелсіздікті тұғырлы ету жолында Тұңғыш Президент-Елбасы Н. Назарбаевтың ерен еңбегінің зор екенін қарапайым халық өте жақсы біледі. Елдің дамуының бел ортасында жүріп үлес қосқан, қазақ журналистикасының қарагері, Қазақстан халық жазушысы, қоғам және мемлекет қайраткері

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ

# COVID-19: САУ БАСЫМЫЗҒА САҚИНА ТІЛЕП АЛМАЙЫҚ

Бүгінде Сыр өңірінде эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Дегенмен сақтық шарасына бей-жай қарауға болмайды. Адам көп шоғырланған орындарда бетперде тағып, әлеуметтік ара қашықтық сақтау қажет. Сондай-ақ қазір тұмаудың эпид маусымы. Индет жұқтырып, иммунитетті әлсіретіп алмау қажет.



Осыған орай қалалық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасында «Ауа арқылы тарайтын коронавирустық инфекциясы, тұмау және ЖРВИ» алдын алу туралы баспасөз конференциясы өтті. Жиынға №1 қалалық емхананың дәрігер-инфекционисті Марал Бүркітқалиқызы, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Мира Әлмаханова, «ҰСО» Қызылорда облысы бойынша филиалының вирусологиялық зертхана меңгерушісі Ақниет Бұрханова қатысып, баяндама жасады. Сонымен қатар қалалық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының мамандары қатысты.

Бүгінде қала бойынша эпидемиялық маусымда тұмау мен жіті респираторлық вирусты инфекциялардың алдын алу, тұрақтандыру және төмендету мақсатында індетке қарсы кешенді шаралар жоспары» бекітілді. Соған байланысты эпидемиялық маусым алдындағы кезеңде тұмау ауруына қарсы қауіпті топтарға, тұмауға қарсы вакцинациялау жүргізілді. Атап айтқанда, 33.470 доза вакцина бөлініп, қауіпті топтар егілді. Сонымен қатар жұмыс беруші есебінен 2000 адам егумен қамтылды. Үстіміздегі жылдың 1-ші қазан айынан бастап бүгінге дейін ЖРВИ-мен 5926 оқиғасы тіркелді. Осыған орай қалада эпидемиологиялық жағдай тұрақсыз болып қалыптасты. Былтыр осы мерзіммен салыстырғанда аурушаңдық көрсеткіші – 1,2 есеге артқан. Жыл басынан бері қала бойынша COVID-19 коронавирустық инфекциясының 9884 жағдайы тіркелді. Оның ішінде 1499-ы 14 жасқа дейінгі балалар.

Қазіргі кезде COVID-19 инфекциясына қарсы 1-ші компонентпен 180581 адам, 2-ші компонентпен 160888 адам егілді. Қала бойынша екі екемнен қамту көрсеткіші – 74,3 процент. Ал 4363 жасөспірім бала, 409 жүкті әйелдер, 270 емізді аналар «Комирнати» вакцинасын алды. Бүгінде білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасында «Комирнати» вакцинасы бойынша ақпараттық-түсіндірме жүргізілуде. Сонымен қатар қала бойынша 561 адам коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинацияны 3 дозасын қабылдады. Бүгінде ревакцинация бойынша «Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесіне, ішкі істер басқармасына түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ал егілгендер арасында екенден кейінгі қолайсыз көріністер тіркелген жоқ. Сондай-ақ адам көп шоғырланатын жерлерде «Ashyq» жобасы арқылы «қызыл-сары» мәртебесі анықталуда. Атап айтсақ, 600 жағдайда «қызыл» мәртебесі, 216 жағдайда «сары» мәртебесі анықталды. Үй карантині талаптарын сақтамай «қызыл» мәртебесі анықталғандар өкілшілік жауапкершілікке тартылып, 30 айлық есептік (87510 теңге) көрсеткіште айыппұл салынууда.

Басқосу барысында тұмау ауруының алғашқы белгілері байқалғанда, өздігімен ем қабылдамай, дәрігерді үйге шақыру қажеттігі айтылды. Мамандардың айтуынша, уақытылы қаралмаған жағдайда тұмау ауруы асқынып, тыныс жолын, нерв жүйесін, қан тамырды және жүректі ауруға шалдықтырады. Сондықтан «Сау басымызға сақина тілеп алмайық».

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

# ТӘУЕЛСІЗДІК БАҒАЛАҒАН АДАМНЫҢ, АЯЛАҒАН ҚОҒАМНЫҢ ҚОЛЫНА ТҰРАҚТАЙДЫ

Жақында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының «Тәуелсіздік тағылым» атты мақаласы жарық көрді. Онда отыз жылдағы жеткен жетістіктер мен келешек кеңістігі турасында тұщымды ой айтылған. Барлығы ақиқат. Оқып отырып кеуденді қуаныш сезімі кернейді. Расымен де ұлттымыздың аз ғана уақыт ішінде жеткен жетістігі көп елдерден ілгері. Алда әлі талай белестер күтіп тұр. Осы ауызбіршілігіміздің арқасында ол биіктерді де бағындыратынымызға шүбәм жоқ.

«Мен отыз жыл бойы халқымыз қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқаттырмай, қайрағна қалдырмай, әлемдік өркениеттің алдыңғы шебіне, дүниедегі ең дамыған 40 елдің қатарына қостым. Осы жылдар ішінде әлемдік ғылым мен мәдениеттің ең үздік жетістіктерін менгерген жаңа ұрпақ қалыптасты. Жаңа елордамыз салынды. Ең үлкен табысым да, ең үлкен

бақытым да осы деп санаймын», – дейді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мақала мазмұны жағынан өте терең. Онда халқымыздың асыл құндылығы Тәуелсіздікте екені оның тұрақты болуы біздің әрекеттерімізге байланысты екені айтылған. Егемендігіміз ата-бабамыздың тар жол, тайғақ кешуімен келгені, оның бізге оңай беріле салмағаны, бәрі керемет көрініс тапқан. Мақала тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында бізге үлкен серпіліс беруімен құнды. Бұл жастарды тәуелсіздікті бағалауға, егемендіктің қалірін кастерлеуге үндейді. Оны берік ұстау үшін, Елбасы өткен 30 жыл ішінде жүйелі реформа негізінде «Қазақстан-2030» бағдарламасы жасалды дейді. Бұған әлемдік деңгейде «Қазақстан жолы» деп баға берілуі қас мемлекет үшін керемет жетістік деп түсінеміз.

Елбасы бұл мақаласында өзге елде жүрген қазақтардың жайына да тоқталған. Кезінде шетел асуға мәжбүр болған, қандастарымызды шеттен алдырудың өзі үлкен жетістік деп санайды. Тұңғыш Президент бұл үрліс әлі де жалғасын жеткізді. «Отандастар» қорының дерегіне сүйенсек, шет елдерде бүгінде 7 млн-нан астам қазақ бар. Тәуелсіздік алғалы Қазақстан елге шетелдегі қандастарын, бауырларын көшірумен айналысты. Ондай мемлекеттер әлемде көп емес. Елбасы өткен мен бүгінді тұжырымдап, келер келешектің кемел боларына сенім білдірді. Пікіріміз Елбасының мына сөзімен қорытындылағанды жөн санадым. Тәуелсіздік бағалаған адамның, аялаған қоғамның қолына тұрақтайды.

Сұлтанбек ТӘУШБАЕВ, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы

# ПАРЫЗДЫҢ ӨТЕУІНДЕЙ ЕНБЕК


Өткен сенбіде аймақта «Сыр журналистикасының тарихы» атты 5 томдық кітаптың тұсаукесері өткеннен бұрын қазақ құлақтанып, сүйінішті жазып, бірге қуанып жатқан жайы бар. Елең ете калған көпшілік кітапты оқуға асық. Тіпті Арқадан сәлем жолдағандар да, «кітапты қалай аламыз, бізге жетпей қалмай ма?» деп алаңдаған жергілікті әріптестер, жалпы қалам ұстаған үлкен-кішілер толалар емес. Жарыққа шыққан кітаптың оқырманға көп ұзамай жететіні белгілі. Әзірге газет оқырмандары үшін сиясы кеппеген жаңа еңбектің мазмұнына шолу жасағанды жөн көрдік.

Сөз басында атап айтқанымыздай, кітап бүгін-ертең өтіп кететіндей елдің жанұшыра хабарласуында бір сыр бар. Себебі қазақ журналистикасының тарихымен сабақтасып жатқан бұл еңбекте бұған дейін зерттелмеген аймақтық мерзімді басылмалардың тарихын түгелдеуде болса керек. Бұл туралы кітаптың алғашқы томындағы алғы сөзде «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, филология ғылымдарының кандидаты Аманжол Онғарбаев былай деп жазады: «Басы ашық мәселе: бұған дейін зерттеушілер республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарының тарихына тереңірек тоқталды. Кәсіби мереке немесе мерейтойлар аясында ішінара республикалық, облыстық, аудандық газет-журналдарда жарияланған мақалалар деңгейінде ғана болмаса, аймақтық мерзімді басылмалар мен электронды бұқаралық ақпарат құралдарының тарихы зерттеліп, арнайы жинақталған емес. Бұл ер әуелі Сыр бойында жарық көрген бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты. Қызылорда астана болып тұрған жылдарда осында жарық көрген мерзімді басылмалардың бірқатары жөнінде ғалым Т.Қожакевтің «Жыл құстары» кітабында қысқаша айтылады. Зерттеуші-ғалым Н.Уәлиевтің «Сыр бойы» газетіне қатысты зерттеулерін қоса алғанда, сөз жоқ, аймақтағы ірі оқу орны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің журналист мамандарды даярлау шығаратын оқытушылары дәстүрлі түрде аймақтық баспасөздік мәселелерді зерттеу нысанына айналдырып келеді. Жергілікті басылмаларды тақырыптық тұрғыдан, жеке-жеке журналистердің шығармашылығын талдауда курстық, дипломдық жұмыстар бар.

Аудандық газеттердің тарихы, бүгінгі тыныс-тіршілігіне қатысты әр жылдарда филология ғылымдарының кандидаты Г.Әшірбекова, Сыр өңіріндегі салалық басылмалардың тарихы мен тәжірибесі жайында А.Әбдіразақова, Г.Оралова, тарих ғылымдарының кандидаты С.Тайман «Қазақ баспасөзі және кеңестік билік» тақырыбында мақалалар жазды. Алайда мұның өзі тұтас бір аймақтың журналистикасын кітап етіп шығару үшін жеткіліксіз болар еді. Сондай-ақ соңғы жылдары шыққан Н.Шығысбаев мен С.Салқыновтың «Өңірлік мерзімді баспасөз және ұлттық идея» деген кітабында да «Сыр бойы» газеті жайында азат жол көлемінде ғана мәлімет берілген. Біз осының барлығын негізге ала отырып, облыстық, аудандық газеттерде жұмыс істеген ардагерлерге сұрау салып, арнайы естеліктер жаздырып, сондай-ақ редакторлардың ұқыптылығы әр нәрсесінде жылдар бойы редакция архивінде сақталып келген қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, аудандық (өкініштісі, кейбір аудандық архивтерде өтіп шығып, барлық газеттің тігінділері өртеніп кеткен), облыстық архивтерде сақталған дерек көздерін барынша тиімді пайдаланып, кейінгі ұрпаққа қызық болсын деген ниетпен осы еңбекті жазып шықтық. Аудандық газеттердің алды – «Толқын» (Арал ауданы) 2020 жылы тоқсан жылдығын атап өткенін ескерсек, тарихтың сарғайған беттеріне үйіліп, газетке жуық жасап келе жатқан мерзімді басылмалардың жүріп өткен жолын жүйелеу оңай дүние болған жоқ. Бірақ біздің де тарихымызды ертеңгі ұрпақ білуге талпынсын десек, біз осы дүниені түгелдеуге тиісті едік. Бұл жұмыс журналист деген мамандықты кіршіксіз қорғаған, кешегі қаламгер-қайраткерлердің ізін парасаттылықпен жалған аға буынның алдындағы парызымыздың бір өтеуіндей деп қабылдасаңыздар болады» деп жазады.

Кітаптың бірінші томы Сыр өңіріндегі мерзімді ұлттық басылмаларының қалыптасқан, шыңдалған кезі Қызылорда ел астанасы болған жылдардан бастап аймақта шыққан қазақ басылмалары туралы деректермен басталып, облыстық «Сыр бойы», «Қызылордискне весті», «Ақмешіт жастары» газетінің және «Сыр медиа» ЖШС тарихы қамтылған. Бұл еңбектегі жинақтың бірі – аймақтың ата басылмалық «Сыр бойы» газетінің алғашқы редакторы туралы бұған дейін түрлі пікірлер айтылып жүрсе, зерттеу барысында екішұтты пікірлерге нүкте қойылуымен келді. Яғни бұған дейін «Сыр бойы» газетінің алғашқы редакторы Жиенғали Тілепбергенов деп келсе, Мәскеу архивіндегі құжаттар басылмалық алғашқы редакторы Батырғали Калюков (Халыков) екені айқындалғаны осы еңбекте жазылды. Кітаптан үзінді келтірсек: «Күні

Басы 1-бетте



бүгінге дейін газеттің алғашқы редакторы Жиенғали Тілепбергенов деп айтылды. Бірақ кейінгі уақыттары бұл дерекке қатысты осы тақырып аясында жазылған мақалаларда екідай пікір қалыптасты. Мәселен, газеттің алғашқы редакторы Ж.Тілепбергенов емес, Батырғали Калюков деген зерттеушілердің бірі – Әбу-Сәлім Жаманқұлов. Ол өзінің «Сыр бойының» алғашқы редакторы деген зерттеу мақаласында бұл жайында архив деректеріне сүйене отырып, сол кездегі саяси-ахуалдан да хабардар етеді.

Зерттеу барысында «Сыр бойының» алғашқы жауапты редакторы анықталды. Журналист Әбу-Сәлім Жаманқұловтың айтқан сөзін Ресей Федерациясының мемлекеттік кітапханасынан келген құжаттар растап отыр. Газеттің алғашқы нөмірінде Батырғали Калюков жауапты редактор деп берілген. Осылайша қателік түзетілді, облыстағы ата басылманың тұңғыш қол қойған жауапты редакторының есімі белгілі болды. Ол – Батырғали Калюков. Бір айта кетерлігі, Ресей мемлекеттік кітапханасынан келген құжаттар барысында осы уақытқа дейін аты аталмай келген жауапты (газетке қол қойған) редактор анықталып, «Сыр бойының» әдепкі уақыттағы жауапты редакторлар қатары жаңа есімдермен толықты. Олар: М.Гатаулин, Г.Сағатов, Ж.Тілепбергенов, Ж.Орманбаев, А.Суононов, А.Тоқмағамбетов, Қ.Сарбасов» деп жазады.

Бір айта кетерлігі, «Сыр бойы» газетінің елімізде сақталмаған алғашқы нөмірлерінің Мәскеу архивінен алдыртқан көшірмесіндегі төте жазумен жазылған мақалалар мен өлеңдерді «Ақмешіт жастары» газеті бас редакторының орынбасары Еркін Шамшадиннің мұқият аударуы газет тарихының мазмұнын байыта түсті. Әсіресе, газеттің екінші санында сырбойылық ақын Төлеубай Үркімбайұлының «Сыр бойының суреті» атты өлеңі төте жазудан аударылып, ең алғаш осы еңбекте жарияланып отыр.

Бірінші томға енген облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің тарихы он жылға жетпесе де тәуелсіз қазақ елінің ақпарат айдынындағы алғашқы жастар газетінің бір болуымен ерек екені сөзсіз.

Кітаптың алғашқы томында болсын, мерзімді басылмалар тарихын түгелдеуде архив құжаттары ғана емес, әр жылдардағы газет тігінділерін ақтара отырып, көтерілген мәселе, тақырыптарға, газет тиражына, әр жылдарда еңбек еткен тілшілерді назардан тыс қалдырмай жазылуы аудандық газеттердің тарихын жүйелеуге ықпалын тигізгені байқалады. Газетте жазылған кейбір мақалалар мен көтерілген тақырыптар сол уақытты кері айналдырып, көз алдына әкелетіні сөзсіз. Сол себепті де мерзімді басылмалар тарихын түгелдеуде әр жылдарда жазылған мақалалардан үзінді келтіре отырып, талдау жүргізу бұл еңбектің тағы бір жаңалығының бірі.

Кітаптың екінші томына ауданның айнаса аудандық газеттер тарихы мен Сыр өңіріндегі тәуелсіз газеттің алғашқы қарлығашы, кейіннен қала әкімдігінің ресми басылымына айналған «Ақмешіт апталығы» газетінің тарихы топтастырылған. Жоғарыда атап айтылғандай, мерейтойлық еңбектер болмаса, негізгі зерттеу нысанына айналмаған мерзімді басылмалардың тарихын түгелдеуде архив құжаттарынан бөлек, архивте сақталған газет тігінділерін ақтаруға тура келді. Газеттің сарғайған парақтары сол уақыттың тынысын сездіретін. Газет тігінділерін парақтай отырып, мерзімді басылмалардың сол уақыт саясатының өзгеруімен талай соқпақты жолдардан өткенінің куәсі боласыз. Бір кездері аудандық газеттердің жабылып, қайта ашылуы секілді қиындықтар, кадр жетіспеушілігінен өзі тілші, өзі редактор, өзі корректор болған аудандық газеттердің

тыныс-тіршілігі, жұмысы да, үйі де бір бөлмелі редакция болған аға буынның өмір жолы естеліктерде өріледі. Осы орайда айта кету керек, бұл еңбектің сірескен жылдар, архив құжаттарындағы мәліметтермен ғана емес, сол жылдардағы еңбек еткен аға буынның естелігі, басылмалардың да, қалам ұстаған аға буынның да, тіпті сол уақыттағы адамдардың қиылы тағдырлары да әдемі суреттеледі. Аға буын естелігінен белгілі қаламгер Шерхан Мұртаза сөзімен айтқанда «арқалағаны алтын, жегені жантақ» журналистердің қандай қиын уақыт болса да, өз мамандығына деген адалдығына еріксіз бас иесін. Орайы келгенде бір естеліктер үзінді келтірейік. Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің тарихы туралы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі Мұхтар Сақтапов өз естелігінде былай деп жазады: «Ел билігіне Н.С.Хрущев келгенде түрлі реформалар жүзеге асып, «аудандық партияға газеттің қажеті жоқ» деген тапсырмамен аудандық газеттер тарап кетті. Мұнан соң аудандық поштадан радиотарап ашылып, жаңалықтар халыққа радио арқылы беріліп тұрды. Газеттің жабылуымен бірге барлық аудандарда баспахана ізі сақталмай, тек Сырдария мен Арал ауданында ғана сақталып қалады. Қайта ашылған аудандық басылмаға Жұмағали Елеуов бас редактор болып тағайындалды. Автор бұл мерзімді «Хрущев жылдары» деп атап көрсеткеніне сүйенсек, бұл – 1953-1964 жылдардың аралығы. Бұл аудандық басылманың «Еңбек майданы» деген атпен шығып тұрған кезі.

Қайта ашылған газеттің жағдайы туралы Сақтапов Есмаханов естелігінде анық суреттеледі: «1957 жылдың 1 мартында «Еңбек майданы» газеті редакциясына жұмысқа келдім. Редактор Жұмағали Елеуов қолы ұзарып, мықты бір журналистке қолы жеткендей қуанып қалды. Жұмыс жайымен, баспаханамен, ондағы қызметкерлермен таныстырды. Сол кездегі тіршілік, редакцияның мүшкіл халі есімге түссе, әліге дейін тұла бойым түршігеді. Редакция дегеніміздің коллективі екі жарым адам. Бар болғаны – редактор, мен және баспахана мен редакцияға ортақ бухгалтер. Отыратын орны торғайдың ұясындай бір бөлме, бір коридорсымақ. Бір бөлмеде редактор, коридорда бухгалтер екеуміз. Кабинеттегі кара телефонмен сөйлесу үшін машинаны қолмен оталдырғандай түрлідейтін, сан мөрте бұрап жатқанын. Оның үстіне ауданның көптеген мекемелерінде, колхоздарында телефон байланыс жоқ. Ал газетке мақала іздеп көріңіз. Редакцияға айына екі-үш хат келе ме, жоқ па, белгісіз. Сонымен сұсыз көлдің балқышына айналдым. Айналырған екі бет газеттің бетін толтыра алмай торыққан кездеріме өзімің келгеніме өкініп, бармақ тістеймін. Ел кезде жиналыс деген аз болмайтын. Редакторым күні бойы бір жиналыстан-бір жиналысқа кіріп, жұмысқа солардың арасындағы «санылауларда» ғана келіп кетеді. Ол бейне шырын жинаған бал арасы сияқты. Өзі қатысқан бюороға, мәжіліске, жиналысқа келушілерден факті жинап, «тапқан-тапқанын» әлгі санчылау кезінде маған еңпесті тастайды. Онан әрі менің мезгілмен санаспай мықшынып отырғаным. Ал кешке жайланып отыруға жағдай жоқ. Ең қиыны, үй болды. Әуелі А. деген азаматтың табағы сыз, үш адам қатар отырса, ымық түйістіріп отыратын, иісі қолқаны қалқан сарайында қыстап шығуға тура келді. Оның үстіне – жас нәресте тұңғышымыз бар, суық тиіп сырқаттан шықпайды. Сонымен менің үйім де жұмыс орынд да редакция» деген осы бір ғана естеліктен сол уақыттағы аудандық басылмалардың жағдайы, барлығында бірдей мәселе байқатады.

Бір айта кетерлігі, соқтықпалық-соқпақсыз жылдары бастан кешірген мерзімді басылмалар уақыт қиындығына қарамастан өз миссиясын адал ақтарғаны – тарих шындығы.

Тәуелсіздік алған жылдардағы газеттердің тыныс-тіршілігі тіпті қызық. Әрбір бастамасын оқырманнан жасырмайтын редакция жұмыстарының газет арқылы «Ал біз «Барлық елдің пролетарлары бірігіңдер!» деген ұранды алып тастадық. Енді біз азат еліміз. Ендігі ұранымыз – «Бірлік. Ынтымақ» болмақ деген сияқты оқырманға арнауын оқығанда сол уақыт күегері болғандай сезімде боласыз. Сондай-ақ тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ел наурыз мерекесін қалай тойлау керектің түсіндіріп, тіпті сценарийлер жариялап, ұлттық мейрамның сәнін келтіруге бірге үлес қосуы да сол уақыттың өзекті тақырыбы.

Ал тәуелсіздік алғаннан кейін Сыр журналистикасына серпіл беріп, тәуелсіз басылмалардың алғашқы қарлығашындай болған «Ақмешіт апталығының» тарихы өзгелерден ерек. Тәуелсіздікпен бірге Сыр журналистикасына да тәуелсіз басылмалар деген ұғымды ала келген «Ақмешіт апталығының» алғашқы жылдары көтерген мәселесі де, оқырманды өзіне үйіріп алуы, жас журналистердің ұстаханасына айналуы, тіпті журналистикадағы маркетинг, менеджменттің алғашқы қадамын жасады десек арық емес. Әрдайым оқырманмен байланыс жасап отыратын газет ұстанымы де ерекше. «Қадірлі оқырман. Біз биял мынаша қаржы таптық, оны мынаша бөлігін салыққа, мынашымен қызметкерлер жақысына жұмсадық» деп газет өндірісіндегі бар «құпияны» оқырманына жасырмай,

ақтарыла жазатын алғашқы тәуелсіз газеттің тарихы да осы томда қатталған.

Кітаптың үшінші томы – радио, телеарналар тарихы, «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігі, баспахана тарихы және облыстағы меншікті тілшілер мен облыс әкімінің әр жылдардағы баспасөз хатшыларының анықтамалығынан тұрады. Бір айта кетерлігі, бұл еңбекте телеарналар тарихы ғана емес, ондағы әрбір хабардың мазмұны мен мақсатына ерекше тоқталуымен құнды.

Сонымен қатар тарихы Бөкей баспасынан бастау алатын, ел астанасы Қызылорда болғанда Сыр өңіріне көшіп келген мемлекеттік баспаханың көшіп келуімен тығыз байланысты облыстық баспаханың тарихы қатталған. Ал мемлекеттік баспа Сыр өңіріне көшіп келгенде ұйымдастыру ісінің басы-қасында Міржақып Дулатовтың есімі аталатындығы құнды тарихтың бір парасы. Жинаған деректерге сүйене отырып, баспа ісінің, баспахана жұмысының шыңдалу, өрлеу кезіні Сыр өңірінде жүзеге асқанын байқаймыз. Бір өкініштісі, бүгінгі күнге дейін баспахана тарихы туралы бірде-бір кітап, естеліктердің жинақталмағаны. Бұл еңбекте мүмкіндігінше жинақталған мәліметтермен және баспахана ардагерлерінің естелігімен баспахана тарихы бір жүйеге түсті деуге негіз бар. Сондай-ақ кітапта Сыр өңіріндегі шағын баспаханалардың да түгел қамтылғаны. Бұл өңірдегі баспа ісінің даму деңгейін де байқатады.

Кітаптың төртінші томына арқау болған – жекеменшік басылмалар тарихы. Бір айта кетерлігі, бүгінгі көзқараша тәуелсіз басылмалар алғаш ел тәуелсіздігін алғаннан бастап пайда болмағанын, оның тарихының бастауы әріден басталатынын айтумен ерекшеленеді. Бұл туралы кітаптың алғы-сөзінен үзінді келтірсек: «Қазақ даласындағы тәуелсіз басылмалардың тарихы 1910-1917 жылдары қазақ тілінде жарық көрген алғашқы бейресми газет-журналдардан бастау алады. Мемлекеттің көмегісіз жеке-жеке азаматтардың бастамасымен, халықтың қаржылай қолдауымен саяси-ағартушылық бағытта ұстанған олардың көбі материалдық жағынан тапшылық көрді. Баспахана шығындарын өтеу оңай болмады.

Ел тәуелсіздігін алған жылдары жарық көрген тәуелсіз басылмалардың бірқатары XX ғасырдың басындағы алаш қайраткерлерінің айнаымас бағытын ұстанып, ел мүддесіне, қазаққа рухани азық болар асыл мұраттар жолында жанкештілікпен жұмыс істеді, қалам қуатын сол жолда сарп етті. Мұнымен қоса XX ғасырдың бас кезіндегі газет шығарушылар газетті сатып, одан түскен қаржыны газеттің келесі санын шығаруға жұмсаса, тура сол сияқты, басқасын айтпағанда Сыр өңірінің де ақпарат саласын дамытуға үлес қосқан азаматтар қалыптасу жылдарында газет пайда бермесе де өз шығынын жауып отырмаған олжа көрді. Газетті сатудан түскен ақша келесі нөмірін шығаруға жұмсалғаны «Ақмешіт апталығы», «Халық» т.б. газеттердің бірсыпырасына тән болды. Бұл да қазақ мерзімді баспасөзінің халі ғасырлар алмасқанмен боз-баяғы қалпында қалғанын, ұлттық баспасөз қай заманнан газет шығаруға және оның қоғамдық-саяси, ағартушылық бағыттан тұтас тұмырын арнаған адамдардың жанкешті еңбегімен көш басында келе жатқанын айқын аңғартады. Мұндағы тәуелсіз басылмалардың тарихы, «тағдыры» өз алдына қызық. Біріне-бірі ұқсасмайды. Ұқастығы – мақсатының бір екені, ел мүддесіне қызмет етуі.

Бесінші томның да көтерген жүгі жеңіл емес. Практикалық журналистика деп аталатын бұл том белгілі журналистердің тәжірибесін топтастырған. Бұл журналист боламын деген жасқа да, жаңалықты жасынбайтын кәсіби журналистке де пайдалы. Кітапты парақтай отырып, мұндағы әрбір журналистің тәжірибесін бірінен кейін бірін тезірек оқуға асығасын. Ең қызығы, әлі де құпиясын менгеріп үлгермеген журналистика саласындағы тын бағыттар туралы тақырыптар қызықтыра түседі. Секунд сайын ақпарат кеністігі мың құбылған сәтте жаңалыққа ілесуге ұмтылған әріптестерге бұл еңбектің пайдасы аз болмас. Кітаптағы «Трюк Тренд», «Медициналық журналистика», «Әлеуметтік желіде белсенді болудың әдістері», «Әдеби редакцияда ерекшелігі мен талаптары» деген секілді журналистік шеберлік тақырыптары таптырмас тәжірибе алаңы. Мұндағы ерекшелік қатып қалған теория емес, аға буынның өзінен кейінгіге айтары бар, өз тәжірибесінде кездескен дүниелерді ақтарыла айтуы. Өрине, қалам ұстаған қауымның қай-қайсының да өз шеберлігі бар. Ең бастысы, бұл еңбек жол нұсқар бағдарлау болуымен құнды. Тағы бір айта кетерлігі, мұнда Сыр бойы журналистикасының ауыр жүгін арқалап, бүгінгі күнге дейін кіршіксіз күйінде жеткізген аға буын мен кейінгі буынның сабақтасығындай «Сыр мақтаншытары» анықтамалығы бар. Бұл үлкенді ақ, кішіні іш тұтатын сырбойлық журналистердің болмысын аша түскендей.

Қысқасы, бүгінде көпшілік оқуға асығып жүрген бұл бес томдық еңбек қолыңызға тигенде асыға күткен үмітіңіз ақталар деген үміттеміз.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

## «ҚАЛАМ ҚУАТЫ»

### немесе Әділхан Бәймен атындағы байқау қалай өтті?

Шыны керек, журналистер арасында түрлі байқаулар ұйымдастырылып жүргенмен, тек сұхбат жанрына ерекше назар аудару сирек кездеседі. Журналистикада оңай жанр саналатын сұхбат журналистің жазу шеберлігінің өлшемі ретінде саналмайтын да болар. Сырт көзге «сұрақ қоясың, жауабын жазып аласың, оның несі қиын?» деген түсінік те қалыптасатыны жасырын емес. Тіпті цифрлы ғасырда кейіпкер іздеп табынатын таусылудың да қажеті жоқ. Сауал жолдасқан жауабы келеді, сұхбат дайын деген пікірлер де жоқ емес. Осындай пікірлер тоғысында «Байқауға неге сұхбат жанры таңдалды?» деген сұрақтың тууы заңдылық.

Сыр өңірінде тәуелсіз газеттің алғашқы қарлығашы «Ақмешіт апталығы» ылғи жас журналистермен бірге жарыққа шығарып, «өз қолымыздан қаладық, өз нығмымызбен көтердік» деген «Ақмешіт апталығының» да жарыққа шыққанына 30 жылға жуықтап қалды. Тәуелсіз газеттің дүниеге келуімен бірге газет шығару мехнатын қайыспай көтере білген газеттің сол кездегі жас ұжымы сол жылдары журналистикада көпкеңеде қалған жанрларға жан бітіруге күш салды. Соның бірі – сұхбат жанры еді. Сөзімізге дәйек ретінде «Ақмешіт апталығы» газетінде сұхбаттың нөмір сайын тұрақты берілуі туралы «Сыр журналистикасының тарихы» кітабында былай деп жазылған:

«Ақпарат айдынына жаңа серпіліспен келген басылмалық барлық газеттерге тән доғалық форматы

Басы 1-бетте

бұзды. Әдеттегідей бас мақала емес, елге белгілі азаматтармен сұхбат бірінші бетте беріле бастады. Бұл кезең сұхбат жанрының алғы шепке шыққанын байқатады.

Газеттің бірінші бетінің сұхбатпен басталуы бас редактор Әділхан Бәймен былай деп түсіндіреді: Бірінші бетте суретпен жарияланатын сұхбат кейіпкерін таңдауға мән береміз. Біріншіден, сұхбатқа шақыратын адамның өзіндік ерекшелігі, айтатыны бар адам болуы керек. Сонда ғана оқылатын сұхбат шығады. Өрине, біз оны бірінші бетке беріп жүрміз. Газеттің сұхбат жанры ойды дол, анық жеткізе білуге қолайлы деп түсінеміз. Сұрақ батық тіле қойылса, оған жауап беруші кәсіби тұрғыда нақты жауап берсе, бұл жанрдың айдарынан жел есе береді».

Әділхан Бәймен атындағы байқауға сұхбат жанрын не үшін таңдағанымыз осыдан-ақ түсінікті болар. Өрине, уақыт талабына сай бұл байқауға эксклюзивті сұхбаттар болғаны қаладық. Байқауға түскен сұхбаттар аз болған жоқ. Айдыңды Аралдан карт Қаратауға дейінгі журналистер қауымы ең үздік сұхбаттарын байқау аламына қосты. Барлығы 20-дан аса материалды жинақтап, тәуелсіз сарапшылар кеңесіне ұсындық. Сарапшылар отырысында хабарланғандай, сапалы әрі мазмұнды сұхбаттардың көптігінен жүзден жүйрікті таңдау оңайға түспеген. Дегенмен қазылар алқасы атап айтқан кейбір сұхбаттарды біз де атап өткенді жөн көрдік. Мәселен, «Сыр бойы» газетінің тілшісі

Гүлбану Мақажанның «Ақмешіт жастары» газетіне жарияланған «Жаңа буыннан жаңалық күтемін» атты қоғам қайраткері Қожахмет Баймахановпен сұхбаты, «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Ақмарал Олжабайдың алаштанушы, әлихантанушы ғалым, «Алаш» ғылыми-зерттеу институтының директоры Сұлтан Хан Аққұлымен «Әліханнның Қызылордада келуіне екі маңызды себеп болды» атты сұхбаты, «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Гүлдана Жұмадинованың лор-дәрігер Айдоос Төрмұратовпен «XXI ғасырда мұрын қуысындағы ауа айналымын да көруге болады» атты сұхбаты үздік болуға сурапын тұрған дүниелер қатарынан аталды. Дегенмен байқау үздігін таңдау қажет. Осы орайда да қазылар алқасына бір ғана үздікті таңдау оңай болмай, екі жүзде тағайындауға тура келді. Байқау қорытындысымен Әділхан Бәймен атындағы жүлденің бірі белгілі журналист, «Сыр медиа» ЖШС бас директорының орынбасары Айжан Абдуллаеваның «Болашақ» бағдарламасының түлегі Нұрбек Әмишамен «Әлем – ашық. Үйкүшік болмаңыз» атты сұхбаты лайық деп танылса, келесі үздік сұхбаттың бірі «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Тұрар Бекмырзаевтың алаштанушы ғалым Тұрсын Жұртбаймен «Қызылордада барғанда үш гимаратты іздеймін» деген сұхбаты болды. Қазылар алқасының тең ұпайын алған қос сұхбат биыл бірінші рет ұйымдастырған байқаудың жеңімпазы болды.

Гүлмира МАҒДҰМҚЫЗЫ

Айжан АБДУЛЛАЕВА, Әділхан Бәймен атындағы сыйлықтың иегері:



Ең алғашқы мақалам 1998 жылы бірінші курста «Ақмешіт апталығы» газетіне шыққаны есімде. Газеттің бас редакторы – Әділхан аға Бәймен болатын. Өзі ұзын бойлы, зор денелі, кесек пішінді, ірі кісі еді. Кісімен қарым-қатынасы сондай қарапайым, жүзінен шұақ, жанарынан мейірім төгілген, тұлғасы биік азамат еді. Сондықтан бұл мен үшін жай сыйлық емес.

Әділхан аға Бәймен – менің жеке менің замандастарымның, менің ұстаздарымның есімі үлкен әріптестермен жазылатын үлкен ұстазы. «Қазақ журналистикасының кара нары» деп шөкірті Аманжол Сақыпұлы бағалаған айтулы ұстаз атындағы бұл сыйлық жыл сайын жүйелі түрде облыс көлемінде ұйымдастырылатын болса нұр үстіне нұр болар еді. Кәсіби журналистерге шабыт беретін кәсіби өсуің бір алаңы болып қалыптасса деген ізгі тілегім бар.

Алла каласа, 2024 жылы Әділхан Бәйменнің туғанына 80 жыл толады деп қабылдаймын.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, Әділхан Бәймен атындағы сыйлықтың иегері:



Мен байқауға белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы Тұрсын Жұртбаймен жүргізген сұхбаты ұсындым.

Ашыған айтайын, сұхбат қуру оңайға түспеді. Ол кісіні түсінемін. Бос уақыты бола бермейді. Бір хабарласқанымда «Алматыда жүрмін. Осында он күндей боламын. Содан соң хабарлас» деген хабарлама (уатсап) жазып жіберді. Сол кездері еңбек демалысында жүргенмін. Дерее жиналып Алматыға жол тарттым. Барып телефон соққанымда бір мекен-жайды жазып жіберген. Бара жатқанымда шұғыл Нұр-Сұлтанға қайтып бара жатқанын айтты. Сонымен не керек, осы сұхбатты жазуға алты ай уақыт жұмса

# ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР

Кеше Қызылорда қалалық мәслихатында «Осыдан отыз жыл бұрын» атты естеліктер байқауы қорытындыланды. Байқауды Қызылорда қалалық мәслихаты мен «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы бірлесіп ұйымдастырған.



Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған шараны қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев ашып, ізгі тілегін білдірді.

– Бұл байқаудың маңызы ерекше болды. Өйткені ел егемендігін алған жылдардағы тарихи сәттер туралы тұшымды

ойлар айтылған. Әрбір шығарманы терең зерделеп қарап шықтым. Тәрбиелік мәні зор. Қазақстан өз алдына дербес мемлекет құрып жатқан кездері болған қиыншылықтар мен бүгінгі жеткен жетістіктер жайлы жақсы баяндалған, – деді қалалық мәслихат хатшысы.

Байқауға қатысушылар өз естеліктері арқылы егемендіктің елең-алаң шағындағы бастан өткерген оқиғалары мен тарихи сәттерді баяндайды.

– Тәуелсіздік мерекесіне орай түрлі жанрлар ішінен осы естеліктер байқауы таңдап алынды. Белсенді атсалысқан азаматтарға өз алғысымызды білдіреміз. «Қазағыз жазғанды бал-талап өшіре алмайсың» деген әміс сөз бар. Сіздердің бұл макалаларыңыз тарих бетіне қатталып, ертеңгі болашақ оқитын мардымды шығармаға айналды. Осы байқауды өткізуге қолдау көрсеткен Ибадулла Дүйсенбайұлы басқарып отырған қалалық мәслихат аппаратына алғысым шексіз, – деді «Ақмешіт апталығы» газетінің бас редакторы Әзіз Жұмаділдаұлы.

Байқау қорытындысымен Серік Ыдырысов І орын, Айгүл Тәуіпбаева ІІ орын, Гүлнар Шайхысламкеліні ІІІ орынмен марапатталды. Сонымен бірге Берік Саймағанбетов пен Ақтоғы Көшекбайға ынтылдандыру сыйлығы табысталды.

– «Өткен күн – тарих, бүгінгі күн – сыйлық, ертеңгі күн – құпия» деген даналық сөз бар. Теңіздің тамшысындай ғана еңбегімізді елеп, құрмет көрсетіп жатқандарыңызға бек қуаныштымыз. Еліміз аман, деніміз сау болсын. Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болуына біз әрқашан тілекшіміз. Қазақстанды бұдан да жарқын болашақ күтіп тұр. Соған сенемін және сол жолда өз үлесімізді қосуға сіздерді шақырамын, – деді ақын Серік Ыдырысов.

Тұрар ШАЙДУЛЛАУЛЫ

# ТОМ-ТОМҒА АРҚАУ БОЛҒАН ҚАЛАМ ІЗІ

Мұнан соң «Достық» үйіне жиналған барша қалам ұстаған қауым өкілдерінің кітаптың тұсаукесеріне қатысты. Екі жыл уақыт жұмсаған Сыр өңіріндегі барлық бұқаралық ақпарат құралдарының тарихи қатталған бес томдық еңбекті

Басқосуға жиналған зиялы қауым бұл кітаптың аймақ үшін ғана емес, жалпы қазақ журналистикасы үшін орны бөлек еңбек болатынын атап өтті. Шарада сөз алған ҚР Парламенті Сенатының депутаты, белгілі қаламгер

газеттер мен тәуелсіз басылымдар және аға буынмен қатар жас журналистердің қамтылуымен ерекшеленетінін атап өтті. Сондай-ақ бұл кітап барлық өңірлерге үлгі болатынын жеткізді.

«Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің президенті Бибігүл Жексенбай мұндай құнды еңбектің киелі Сыр өңірінде жазылуы заңдылық екенін атап айтты. Архивте отырып, тарихты түгендеуге кез келгеннің қызығушылығы бола бермейтін ақпарат ғасырында үш ғасырдың еңбегін топтастыруға еңбек еткен шығармашылық топқа алғысын жеткізді.



**Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,**  
«Бас редакторлар клубы»  
қоғамдық бірлестігі президенті:

– Бүлеңбектен талай диссертация, талай ғылыми жұмыс жазылатыны белгілі. Жасыратыны жоқ, бұл кітап арқылы журналистер өзінің ең үлкен миссиясы ағартушылық екендігін өзімізге де, өзгеге де тағы бір көрсете алды. Бұл еңбек өз бағасын жоғары деңгейде алады деп ойлаймын.

тастыру барысында Сыр топырағында қаншама байлығымыздың, талантты азаматтарымыздың бар екеніне тағы бір көз жеткіздік. Біз XIX ғасырдың соңында туған ағартушы, публицист, Қазан революциясына дейін «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында Сырдария губерниясының арнаулы тілшісі болған Қалжан Қоңыратбаевтан бастап, қызмет бабында жүріп қайтыс болған Сағитжан Бермағанбетовке дейінгі аралықты түгел қамтуға тырыстық.

Тағы бір атап айтарлығы, аға буынның естелігінен небір қызықты жайттарға кезіктік. Әрине, оның барлығын бестомдық кітапқа сыйғызу мүмкін емес. Ең бастысы, аға буынның алдындағы бір міндетіміз орындалды деп есептейміз, – деді Аманжол Сақыұлы.

Кітаптың тұсаукесер шарасы одан

**Нұрғөре ЖҮСІП,**  
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

– Тәуелсіз ешкім жоқ. Бәріміз бірінші Аллаға, екінші бар қазақтың баласы Тәуелсіздікке тәуелдіміз. «Сыр журналистикасының тарихы» атты 5 томдық кітап тек баспасөздің ғана емес, ел шежіресін жазған құнды еңбек болды деп ойлаймын.



жазуға ғалымдардың ғылыми еңбектері, архив құжаттары, журналистика саласының ардагерлерінің естелігі арқау болған. Сонымен қатар бестомдық еңбектің бесінші томының журналистік шеберлікке және «Сыр мақтаншытары» анықтамалығына арналуы да соны жаңалықтың бірі.

Кітаптың тұсаукесер шарасын жүргізген облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет бұл қазақ журналистикасы үшін маңызды күн екенін, мұндай еңбек өңірлердің арасында алғаш рет Сыр бойында шығып отырғанын атап өтті.

– Бүгінгідей ақпарат дәуірінде таңдаған мамандығына адал болып, ұстанымын өзгертепеген, қалам қасиетін ардақ тұтқан журналист қауымын – қоғамның қозғаушы күші деуге негіз бар.

Сыр өңірінің ғасырлар бойы қалыптасқан шығармашылық мектебінен түлеген мыңдаған журналистің әрісі шетелдерде, берісі Нұр-Сұлтан, Алматыда, өз өлкемізде абыройлы қызмет етіп жүр.

Телегей теңіз ақпарат ғасырында дәстүрлі медианың жаңа медианмен күш біріктіріп дамудың жаңа сатысына көтерілген кезеңінде Сыр елінің барлық

Нұрғөре Жүсіп бұл еңбекті бұқаралық ақпарат құралдарының шежіресі ғана емес, қазақ елінің шежіресі деп атауға болатынын айтты.

– Баспасөз елдің әр кезеңдегі өмір тіршілігін тайға таңба басқандай көрсетеді. Сарғайған газет беттерін парақтағанда халқымыздың бір ғасырлық өмір жолын таба аласыз. Біз бүгінгі күнге дейін өз баспасөзіміздің тарихын түгендемедік. Бұл сол оқылықтың орнын толтыратын еңбек деп ойлаймын. Сонымен қатар қазақ



**Амантай ШӘРІП,** филология ғылымдарының докторы:

– «Сыр журналистикасының тарихы» кітабының Сыр топырағында жарық көріп бекер емес. Себебі Сыр топырағында ұлтқа қызмет еткен Алаш зиялыларының қолтаңбасы қалды. Архив құжаттарына қарасақ, олардың барлығы қазақ баспасөзінің айналасына топтасты. Бұл бір естелік түрінде емес, ғылыми негізде жазылған еңбек екенін байқап отырмыз. Тағы бір атап айтарлығы, бұл кітапта тек архивтік деректер емес, бұқаралық ақпарат құралдарындағы дүниелердің мазмұнына да сараптама жасалған.

бұқаралық ақпарат құралдарының тарихын түгендеп, қоғамға, халыққа және жалпы өз-өзімізге есеп беру деп білеміз. Сондықтан бұл кітаптың Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында оқырманға жол тартуы біз үшін үлкен мәртебе, зор қуаныш, – деді облыс әкімінің орынбасары.

журналистикасында қолтаңбасы қалған, бүгінде есімі көмескі тартқан, ел жадынан шығып кеткен қанша азаматтың есімі осы бестомдықтың ішіне енгені қуантады, – деді сенатор.

Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев бұл еңбек тек ірі басылымдар ғана емес, аудандық

– Тағы бір атап айтарлығы, идея болады, ал оны қолдау бар. Осы орайда «Сыр бойы журналистикасының тарихы» атты бестомдық еңбекті шығару идеясын қолдаған облыс басшылығына да рахмет айтамын, – деді ол.

**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ,** «Сыр медиа» ЖШС бас директоры:

– Біз бесінші томда «Сыр мақтаншытары» атты анықтамалық жасадық. Анықтамалыққа белгілі есімдерді топтастыру барысында Сыр топырағында қаншама байлығымыздың, талантты азаматтарымыздың бар екеніне тағы бір көз жеткіздік. Біз XIX ғасырдың соңында туған ағартушы, публицист, Қазан революциясына дейін «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында Сырдария губерниясының арнаулы тілшісі болған Қалжан Қоңыратбаевтан бастап, қызмет бабында жүріп қайтыс болған Сағитжан Бермағанбетовке дейінгі аралықты түгел қамтуға тырыстық.

Шарада сөз алған ғалым Амантай Шәріп кітап қолға тиген бойда парақтап шығып, көңілі тоғайғанын жеткізді. Сондай-ақ бұл еңбектің алаш зиялыларының ізі қалған Сыр өңірінде жарыққа шығуы тегін емесін тілге тиек етті. Ғалым ең бастысы, бұл кітаптың



жай естелік түрінде емес, ғылыми негізде жазылғанына тоқталды.

Ігі шараның түйінінде «Сыр бойы журналистикасының тарихы» кітабының редакциясын басқарған «Сыр медиа» ЖШС директоры, филология ғылымдарының кандидаты Аманжол

**Сейітқазы МАТАЕВ,** ҚР Журналистер одағының төрағасы:

– Тұсаукесерге дейін кітаптың бірінші томын қарап шықтық. Маған ұнаған тұсы – ірі басылымдар ғана емес, аудандық газет тарихының түгелдей қамтылуы. Мұндай кітап алғаш рет жарыққа шығып отыр. «Сыр журналистикасының тарихы» барлық өңірлерге үлгі болады.



Оңғарбаев бұл еңбекті жазуға сырбойылық барша журналист қауымы атсалысқанын жеткізді.

– Бұл бір-екі жылдың жұмысы емес. Бұл бірнеше жыл бойы ойла жүрген дүние. Бірақ қалай шыққаны әлі де талқыланатыны белгілі. Біз қолымыздан келгенше барлығын қамтуға тырыстық.

әрі өмірден өткен қаламгерлердің рухына бағыштап, ас берумен жалғасты. Аста Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай белгілі жазушы Айжарық Сәдібекұлы атындағы (проза), белгілі ақын Әскербек Рахымбекұлы атындағы (поэзия) байқау, Темірбек Жүргенов атындағы «Ғылым жолында» атты жас ғалымдар



Кітап дайындау барысында қызықты дүниелерге кезіктік, кейбір өкініштер де болды. Мәселен, аға буынның арасында қызмет істегендердің аты-жөні болғанымен, суреттері табылмады. Табылған суреттердің кім екенін біле алмаған жайттар болды. Ең өкініштісі – аудандық архивтердің көбі өртке оранып, талай дүниеден айырылып қалғанымыз.

Біз бесінші томда «Сыр мақтаншытары» атты анықтамалық жасадық. Анықтамалыққа белгілі есімдерді топ-

байқауы, «Ақмешіт апталығы» газетінің негізін қалаушы, тұңғыш редакторы Әділхан Бәймен атындағы «Қалам қуаты» (экслюзивті сұхбат) атты байқау қорытындысы жарияланып, жеңімпаздары марапатталды.

Шара соңында Сыр өңіріне келген қонақтар Темірбек Жүргенов атындағы «Сыр медиа» шығармашылық үйінің жұмыс барысымен танысты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА,  
Суретті түсірген  
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Газеттің келесі саны 16 желтоқсан, бейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:



жауапкершілігі  
шектелуі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі номер - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі номер - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі номер - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі номер - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу күзеті №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1814

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтілек БІТІМБАЙ